

XVIII-XIX ғ.ғ. Осман империясының Еуропа мемлекеттерімен саяси, экономикалық және дипломатиялық байланыстарының Ресей тарихнамасында зерттелуі. (1991-2013ж.ж.)

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ II курс
PhD докторанты Абдукадыров Н.М.
nurjigit.85.kanuni@mail.ru

Андатпа

1991 жылы Кеңес Одағы ыдыраған соң, Ресейдің тарих ғылымында үлкен өзгерістер орын алды. Кеңестік кезеңде өз зерттеу жұмыстарын кеңестік методология аясында жүргізіп, маркстік ілім негіздеріне сүйенуге мәжбүр болған тарихшылар, ендігі кезекте өз зерттеулерін ешбір кедергісіз жүргізе бастады. Осыған байланысты, Ресей тарихшы-османтанушылары да Осман империясы тарихының әр түрлі кезеңдері бойынша зерттеулер жүргізді. Қарастырылып отырған ғылыми мақала, XVIII-XIX ғасырлардағы Осман империясының Еуропа мемлекеттерімен жүргізген сыртқы саяси, экономикалық байланыстары мен геосаяси және геοэкономикалық мәселелерін, сондай-ақ дипломатиялық қатынастары тарихының тәуелсіздік кезеңінде Ресей тарихнамасында зерттелу деңгейін көрсетуге арналады. Сонымен қатар, ресейлік османистикада XVIII-XIX ғасырлардағы Осман империясының еуропалық империялармен Еуропа, Азия және Африка территориялары үшін туындаған геосаяси мәселелерге арналған зерттеу жұмыстарына баса мән беріледі. Мақалада, аталған мәселелер бойынша шұғылданған Ресей тарихшылары мен шығыстанушыларының еңбектеріне сипаттама беріліп, олардың ұсынған ғылыми тұжырымдары мен жаңалықтарына ғылыми талдау жасалынады.

Кілт сөздер. Осман империясы, Ресей тарихнамасы, Ғылыми зерттеулер, Тарихшы-османтанушылар, Еуропа мемлекеттері, Экономика, Дипломатия,

КСРО ыдыраған соң, Ресейде жаңа жүйе билікке келіп қоғамда үлкен өзгеріс орын алғандықтан, мұнда жаңа мемлекеттік идеологияны жүзе асыру мақсатында қоғамдық ғылымдардың дамуында үлкен өзгерістер енгізу қажеттігі туындады. Үкімет басына келген жаңа билік, жаңа қоғам құру мақсатында мемлекеттік идеологияны жүргізуге кірісіп, ол Ресейде қоғамдық ғылымдардың дамуына жаңа серпін берді. Оның ішінде тарих ғылымы ерекше орын алып, Ресей мемлекетінің тарихы мен Дүние жүзі тарихын жаңа көзқарас тұрғысынан, тарих ғылымының жаңа принциптері мен әдістері және заманауи методологиялық бағыттар негізінде зерттеу жұмыстары қолға алынды. Осыған орай, дүниежүзілік тарихтың бір бөлігі болып саналатын Осман империясы тарихының осы аталған мәселелері бойынша зерттеу

жұмыстары Ресейде тәуелсіздік кезеңінде де жалғасын тауып, онымен Ресей Ғылым Академиясының (РАН) құрамындағы Әлем тарихы, Шығыстану, Балқантану мен Славянтану ғылыми-зерттеу институттарының және Ғылым Академиясының Ресейдің ірі қалаларындағы бөлімшелерінің ғалымдары, сондай-ақ, Ресейдің жоғары оқу орындарындағы Тарих бөлімдерінің тарихшы-ғалымдары шұғылданды. Аталған тақырып бойынша тәуелсіздік жылдарында Ресейде арнайы жүргізілген зерттеулер аз болғанымен, бұл тақырыпқа қатысты мәселелерді ресейлік тарихшылар, шығыстанушылар мен тарихшы-балқантанушылар және ресейлік османистика өкілдері өз ғылыми-зерттеу жұмыстарында көтеріп отырды.

Осман империясының Еуропадағы сыртқы саяси бағыттарын Ұлыбританиямен жүргізген қатынастарынан бастайтын болсақ, 1990 жылдары және 2000 жылдары Ресей тарихнамасында, белгілі ағылшын саясаткері, Ұлыбританияның сыртқы істер министрі және премьер министрі қызметтерін атқарған Дж.Пальмерстонның Таяу Шығыстағы және Осман империясындағы саяси қызметі мен XIX ғасырдағы британ үкіметінің Осман империясына қатысты сыртқы саяси ұстанымдары туралы зерттеулер орын алады. Аталған тақырыптар бойынша В.И.Шеремет, [1] М.М.Куриев, [2] Н.Н.Яковлев, [3] сынды тарихшылар өз зерттеулерінде ғылыми талдау жасап, бұл ғалымдар ағылшын саясаткері Дж.Пальмерстонның қызметі тұсында Ұлыбританияның Осман империясының сыртқы саясаттағы әрекеттеріне баса назар аударғандығын айтады. Сонымен қатар, бұл уақыттағы Ұлыбританияның «Шығыс мәселесін» шешудегі ролін көрсетеді. Тәуелсіздік жылдарында Ресейде жарияланған тарихнамалық еңбектерде де Дж.Пальмерстонның қызметі туралы көрсетілді. Олардың ең негізгісі В.Р. Согрин, Г.И.Зверева, Л.П.Репинаның [4] ұжымдық ғылыми еңбегі еді. Бұл еңбек ағылшын тарихнамасына қатысты 90-жылдары Ресейде жарияланған ең көлемді жұмыстардың бірі болып, онда ағылшын саясаткерінің қызметіне қатысты батыстық зерттеушілердің еңбектері туралы көрсетілген. Сонымен қатар, Дж.Пальмерстонның Шығыстағы қызметі туралы А.С.Ловцов [5] арнайы диссертациялық зерттеу жұмысын жазды. Зерттеуші өз жұмысында Дж.Пальмерстонның сыртқы саясаттағы белсенділігі мен Ұлыбританияның Осман империясымен жүргізген саяси және экономикалық келісімшарттары туралы және екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастардың жүргізілуі туралы көрсетеді. Сондай-ақ, Англияның Осман империясының сыртқы істеріне араласуы мен Мысыр билеушісі Мұхаммед Алидің көтерілістерін басып, оның өзін Стамбулға күштеп бағынышты еткені туралы және Ұлыбританияның Осман империясының территорияларында Ресеймен бақталастыққа түсуі жайлы ғылыми тұжырымдар жасаған.

XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап, Ресей тарихнамасында Осман империясындағы «Танзимат» реформалары дәуірінің тарихы және бұл реформаның сыртқы саясаттағы ролі туралы зерттеулер де жүргізілді. Осман империясында реформалар кезеңінде қабылданған сыртқы саясаттағы жоспарлары туралы өз зерттеу жұмыстарында тұжырым жасаған тарихшылардың бірі В.И.Шеремет [6] болып ол, Осман империясында III

Селім сұлтанның тұсында басталған саяси реформалар мен осы кезеңде француз императоры Наполеон Бонапарттың Осман империясының Африкадағы провинцияларына саяси қысым көрсетуі жайлы және оған Осман империясының берген жауабы туралы ғылыми тұжырымдар жасаған. XIX ғасырдың орталарында қабылданған Танзимат реформалары мен реформалар дәуіріндегі Осман империясының ішкі саясатын және сыртқы саяси жағдайы туралы, сондай-ақ империяның Еуропа мемлекеттерімен байланысы туралы А.А.Сотниченко [7] бірқатар зерттеулер жүргізіп, ол осы мәселелер төңірегінде кандидаттық диссертация қорғады. Тарихшы өз зерттеу жұмысында реформалар дәуірінің тарихи маңыздылығы мен сыртқы саясаттағы ролін және Осман империясындағы «батыстандыру» үрдісінің орын алғанын көрсетеді.

XVIII-XIX ғасырларда Осман империясының Еуропа мемлекеттерімен тек Еуропа территориясында ғана емес, сонымен қатар Азия мен Африка территорияларында да саяси тартыстарға түсіп отырды. Олардың ішінде Мысыр территориясы Жерорта теңізінің сауда-саттық ісі жақсы дамыған аймақ болғандықтан, еуропалық империялар оны Осман империясынан тартып алуға әрекет еткен. Тәуелсіздік жылдарында Ресей тарихшылары мен шығыстанушылары осы мәселелерге де мән берді. Олар негізінен Осман империясының құрамында болған Мысыр территориясы үшін Англия мен Францияның Осман империясымен геосаяси таласқа түсуін көрсеткісі келді. Осман империясы мен еуропалықтар арасында туындаған Мысыр мәселесімен Ресейде 90-жылдары және 2000 жылдардың басында көптеген зерттеушілер айналысты. М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры Ф.М.Ацамба, [8] 90-жылдары Мысыр тарихына қатысты бірқатар мақалалар жариялап, ондағы османдық мемлекеттік әкімшілік басқару мәселелерін қарастырды. Аталған университеттің профессоры С.А.Кириллина, [9] Осман империясының Мысырдағы діни саясаты және империяның араб шығысындағы Ислам институттарының қызметі туралы бірқатар зерттеулер жүргізіп, өз ғылыми мақалаларын жариялады. Ол өз ғылыми еңбектерінде Осман империясының Мысырдағы өкілі Мұхаммед Алидің көтерілістерінің себептерін діни мәселелермен түсіндіруге тырысты және оның Шығыстағы араб-мұсылман халықтарының территорияларын өзіне қарату туралы жоспарларын көрсетті. Сонымен қатар, Осман империясындағы Мысыр дағдарысы мен Мұхаммед Алидің көтерілістері туралы және Мысырдағы еуропалық мемлекеттердің саяси ұстанымдары туралы бірқатар ғылыми мақалалар жариялады. Өзінің ғылыми-зерттеу сферасы Мысырдағы Ислам тарихымен діни жағдайларға арналғанына қарамастан С.А.Кириллина, Мысырдағы Осман империясы мен еуропалық державалардың геосаяси текетіресі жайлы мәселелерді көтерді.

XVIII-XIX ғ.ғ. Осман империясының құрамында болған Мысыр территориясы үшін Осман үкіметінің Англия, Франция сынды еуропалық империяларымен саяси тартыстарына негізделген мәселелер бойынша Ресейде бірқатар диссертациялық жұмыстар да орындалды. Солардың бірі, Ресейдің Амур мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық университетінің

профессоры Ж.В.Петрунина, [10] өзінің Мысыр мәселесі туралы қорғаған кандидаттық зерттеу жұмысында, Мысырдағы Наполеон Бонапарттың әскери әрекеттері мен оның нәтижелері туралы және Мысыр наместнигі Мұхаммед Алидің Осман үкіметіне қарсы қарулы күреске шығуы мен Шығыстағы басқыншылық әрекеттері жайлы зерттеген. Сондай-ақ, Мысыр билеушісінің осман сұлтаны II Махмұдпен ашық соғысқа шығуы мен оның нәтижелері туралы тұжырымдар жасаған. Автор Осман империясы мен еуропалық державалар арасында туындаған Мысыр мәселесі мен Мысырдағы саяси дағдарыс туралы бірқатар ғылыми мақалалар жариялады. Ж.В.Петрунинаның ғылыми тұжырымдары өзінің құндылығына байланысты, ресейлік тарихшылар мен османтанушы ғалымдар арасында кең қолдауға ие болған. Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті М.В.Орлова, [11] өзінің кандидаттық диссертациясында, Мысыр территориялары үшін Осман империясы мен Еуропа мемлекеттерінің арасында орын алған саяси мәселелер туралы көрсетеді. Мұнда, зерттеуші француздардың 1798-1801 жылдары Мысырға әскер алып кіруін және оған қарсы Осман империясы мен Англияның ұстанған саяси ұстанымдарын көрсетеді. Сонымен қатар, Осман империясының Мысыр үшін еуропалық мемлекеттермен Солтүстік Африкада саяси бақталастыққа түсу процестері туралы ғылыми мәселелер Ресей Ғылым Академиясы, Әлем тарихы институтының ғылыми қызметкері Е.А.Прусскаяның [12] кандидаттық зерттеу жұмысында қарастырылған. Тарихшы, ғылыми зерттеу жұмыстарында Наполеон Бонапарттың Мысырға жорығы қарсаңында ондағы саяси, әлеуметтік-экономикалық ахуалды барлап қайту үшін саяхатшылар мен тыңшылар жібергені және оның нәтижелері мен Наполеонның III Селім сұлтан басқарған Осман үкіметіне ескертпестен, Мысырға жорыққа аттануы туралы мәселелер қарастырған. Сонымен қатар, Мысыр халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен тұрмыс деңгейі, қолөнері мен саудасы, салт-дәстүрін зерттеуге баса мән берген.

XVIII ғасырда Осман империясы мен еуропалық мемлекеттер арасында Мысыр үшін болған геосаяси мәселелер XIX ғасырға келіп күшейе түсті. Мұндағы ең басты мәселе Суэц каналын салу болды. Мысырдағы еуропалықтардың Суэц каналын салу туралы А.Х.Хизриевтің [13] кандидаттық зерттеу жұмысында кеңінен көрсетілген. Зерттеуші өз жұмысында, канал құрылысы аяқталып, ол арқылы Англияның, Францияның және Австро-Венгрияның саудасы қызған тұста, Ұлыбританияның Суэц каналына бақылау орнатуы және Мысырды түгелімен өзінің отарына айналдыру идеяларының туындағанын көрсетеді. Сондай-ақ, осы идеяларға байланысты, 1882 жылы Ұлыбританияның Мысырды толық оккупациялауы мен оған еуропалық мемлекеттердің және Осман империясының ұстанған саясаты туралы мәселелер көрініс тапқан. Сонымен қатар, осы уақыттағы Мысырдағы ағылшын және француз оккупанттарына қарсы Мысыр қоғамының көзқарасы мен олардың әскери қарсылықтары туралы арнайы диссертациялық зерттеу жұмысын жазған А.М.Грибков [14] болды. Зерттеуші өз жұмысында, Осман империясының әлсірегенін пайдаланған еуропалық империялардың Мысырдағы бейберекет әрекеттері және

ағылшындардың Суэц каналы мен Мысырды өз қарамағына алуы туралы тың тұжырымдар жасалған. XIX ғасырдың соңында Еуропа мемлекеттерінің Осман империясы құрамындағы Мысырды иелену позицияларының және Ұлыбританияның Суэц каналына бақылау орнатуы туралы В.Щенниковтың, Т.Н.Гелланың [15] ғылыми мақалалары жарық көрді. Тәуелсіздік жылдарында Ресейде Осман империясының халықаралық қатынастардағы тарихын зерттеуде шығыстанушы-ғалымдар да көп еңбек сіңірді. Солардың ішінде, Санкт-Петербург университетінің профессоры, египтолог, Е.И.Зеленев [16] те докторлық диссертациялық жұмысын жариялап, онда Осман империясының құрамындағы Мысыр тарихын зерттеген. Мысыр тарихын зерттеу барысында, ғалым XVIII-XIX ғасырлардағы Мысыр үшін Осман империясы мен Англия, Франция сынды еуропалық империялар арасындағы тартыстар туралы егжей-тегжейлі баяндап өткен. Ғалым өз зерттеулерінде Мысырдағы османдық билік аппаратының қызметі мен ондағы халықтың қоғамдық ой-санасын, менталитетін және еуропалықтардың басқыншылық қимылдары мен олардың пропагандалық әрекеттері туралы мәселелерге көңіл бөлген. Сонымен қатар, тәуелсіздік жылдарында, француздардың Осман империясының Африкадағы Тунис провинциясын иеленуі туралы зерттеу жүргізген Н. А. Жерлицинаның [17] зерттеу жұмыстары Ресей тарихнамасында кең орын иеленеді. Зерттеуші өз жұмыстарында Францияның Тунистегі саяси әрекеттері мен оны өзіне иеленуі жайлы, сондай-ақ, Осман империясының құлдырау процесін және француздардың бұл әрекетіне Ресей мен басқа да еуропалық империялардың ұстанған саясатын айқындайды. Сонымен бірге Ресей мен Тунис арасындағы қатынастар туралы зерттеулер жүргізген. Осман империясы мен еуропалық империялар арасында Мысыр және Солтүстік Африка территориялары үшін болған тартыстар мен жалпы XVIII-XIX ғ.ғ. Мысырдағы осман билігінің дағдарысы туралы жүргізілген бұл зерттеулер, XX аяғы мен XXI ғ.басында Ресейде жүргізілген ең ірі зерттеу жұмыстары болды.

XVIII-XIX ғасырларда Осман империясы сыртқы саясатта Еуропа мемлекеттерімен өзінің қоластында болған Балқан территориялары үшін де түрлі саяси тартыстарға барып отырды. Өйткені, бұл кезеңде Еуропада мықты саяси күшке ие болған Франция, Англия, Австро-Венгрия және Ресей сияқты Еуропа мемлекеттері, «Шығыс мәселесін» желеу етіп, XIX ғасырда өз ішінен құлдырауды бастан кешіріп отырған, ішкі-сыртқы саясатта үлкен дағдарысқа ұшыраған Осман империясының территорияларына жан-жақтан ауыз салған еді. XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында Ресей тарихнамасында Осман империясы мен Еуропа мемлекеттері арасындағы Балқан территориялары үшін тартыстар туралы бірқатар зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ең алдымен, Ұлыбританияның Балқандағы саясаты туралы жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарына талдау жасайтын болсақ, бұл мәселеге қатысты жұмыстардың алдыңғы қатарында Т.Н.Гелланың [18] жұмыстарын айтуға болады. Автор Ұлыбритания тарихында либералдар партиясының сыртқы саяси тарихын зерттеп, осы тақырыпқа қатысты Ресей Ғылым Академиясының Әлем тарихы

институтында докторлық диссертация қорғаған. Т.Н.Гелла өз зерттеу жұмыстарында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Ұлыбританияның Балқандағы саясатын көрсетеді. Мұнда Британ үкіметінің, батыс әдебиеттерінде «Еуропаның ауру адамы» деген атқа ие болып, XIX ғасырдың соңында үлкен дағдарыс жағдайында қалған Осман империясының Балқандағы территорияларын өзіне тәуелді еткісі келгенін тұжырымдайды. Сондай-ақ, Ұлыбританияның бүкіләлемдік империялық саясаты туралы К.Б.Егоров пен С.А.Богомоловтың диссертациялық жұмыстары мен И.Д.Парфеновтың, Л.Г.Новикованың, В.А.Матвеевтің [19] жариялаған ғылыми жұмыстарында XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі Ұлыбританияның әлемдегі империялық саясатын көрсете отырып, британ үкіметінің Балқандағы экспансиялық әрекеттерін суреттейді. Сонымен қатар, Балқандағы Жерорта теңізіне жақын орналасқан территорияларды иеленіп, онда бірқатар сауда базаларын салуды көздегені жайлы айтылады. Ал, бұл территориялар сол уақытта Осман империясының құрамында еді. Сонымен қатар, Ұлыбританияның Балқандағы саясаты мен оған қарсы Осман империясының саяси ұстанымдары бойынша, Ресей Ғылым Академиясына қарасты Шығыстану, Славянтану және Балқантану институтының ғалымдары да 90 жылдары мен 2000-шы жылдары ірі ғылыми еңбектер жариялады. Славянтану және Балқантану институтының профессоры В.Н.Виноградов [20] өз зерттеулерінде XIX ғ. Ұлыбританияның Осман империясының Балқандағы және Жерорта теңізінің солтүстік аймақтарындағы территорияларынан дәмелі екендігін көрсете отырып, оның империялық саясатын көрсетеді. Оның осы уақыт аралығында жариялаған еңбектерінде, ағылшын билігінің Осман империясындағы болгарлардың, черногорлардың көтерілісін саяси қолдауы қарастырылады. Сондай-ақ, бұл саясатқа байланысты осман сұлтаны II Абдулхамиттің ұстанған саясаты мен оның саяси және дипломатиялық әрекеттері туралы қамтылады. Сонымен қатар, Осман империясы мен Ұлыбритания және басқа да батысеуропалық империялар арасындағы Балқан территориялары үшін болған тартыстар туралы докторлық диссертациялық жұмыс пен бірнеше монография жариялаған тарихшы М.Ю.Золотухин [21] болды. Тарихшы өзінің көлемді жұмыстарында Осман империясының қоластында болған Балқан халықтарының тәуелсіздік үшін көтерілістері, оларға батысеуропалық империялар мен Ресейдің саяси, әлеуметтік қолдауы және «Шығыс мәселесін» шешуде аталған империялардың саясаты туралы өзекті тақырыптар көтерген. Автор өзінің зерттеу жұмыстарында 1876 жылғы Лондон конференциясы мен оның орындалмауы салдарынан туындаған 1877-1878 орыс-түрік соғысын және бұл соғысты қорытындылайтын 1877 жылғы Берлин конгресінің шешімдері туралы ғылыми талдау жасаған. XIX ғасырдың соңғы ширегінде, Осман империясы мен Ұлыбритания арасындағы Балқан территориялары үшін болған тартыстар мен Ұлыбританияның Балқандағы саясаты туралы О.И.Шмелеваның [22] ғылыми-зерттеу жұмыстарында жақсы талданған. Зерттеуші өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарында Ұлыбританияның Балқандағы экспансиялық әрекеттерін

әділетсіз деп көрсетеді және Осман империясының Англияға қарсылық көрсетуде дәрменсіздігін ашып жазады. Сонымен қатар, 1875-1876 жылдары болгарлардың, босниялықтар мен черногорлықтардың және басқа да Балқан халықтарының тәуелсіздік үшін осман үкіметіне қарсы қарулы қақтығыстары мен осман үкіметінің болгарларды, басқа да көтерілісшілерді жазалау барысында Ұлыбританияның бұл әске араласуын көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеуші өз еңбектерінде, Ұлыбританияның Балқан территориялары үшін тек Осман империясымен ғана емес, Ресеймен, Австро-Венгриямен бәсекелес болғанын дәлелдейді. «Шығыс мәселесінің» үлкен бөлігін құраған Балқан территориялары үшін 1876 жылы Лондон конференциясында болған саяси тартыстарға байланысты болып өткен орыс-түрік соғысының нәтижесін қорытындылаған Сан-Стефано келісімі мен Берлин конгресінің шешімі бойынша Ұлыбритания Осман империясынан Кипр аралын алғанын айрықша көрсетеді. Жалпы, автордың зерттеу жұмыстарының басым бөлігі Осман үкіметінің өзінің Балқандағы провинциялары үшін Ұлыбританиямен, Австро-Венгриямен және басқа да еуропалық империялармен тартысқа түсуіне арналған. Сонымен қатар, балқантанушы, ғалым В.Н.Виноградовтың [23] XVIII-XIX ғасырларда Австро-Венгрияның Балқандағы саясаты мен «Шығыс мәселесін» шешудегі бұл империяның ролі туралы және XIX ғасырда Осман империясы мен Австро-Венгрия арасында Балқан территориялары үшін болған тартыстары жайлы бірқатар ғылыми-зерттеу жұмыстары жарық көрді. Онда негізінен, XIX ғ. соңғы ширегінде Балқандағы территориялық мәселелер мен Осман империясының өзінің Балқандағы мүддесін қорғағысы келетінін және Австро-Венгрияның осман үкіметінен Босния және Герцоговинаны бөліп алуға мүдделі болғаны жайлы қарастырылады. Ресей тарихшысы И.В.Крючковтың XIX-XX ғ.ғ. Австро-Венгрияның тарихына қатысты [24] зерттеулерінде, Австро-Венгрияның Осман империясынан Балқандағы өзімен шекаралас жатқан аймақтар мен Жерорта теңізіне жақын территорияларды өзіне бағындыру саясаты жайлы, ал Осман империясының бұл территорияларды өзінде сақтап қалу үшін оған қарсы соғысқа шығатыны және бұл іске Ұлыбритания мен Францияның Австро-Венгрияның жағында араласуы туралы зерттелген. Сондай-ақ, Осман империясының құрамындағы бірқатар балқан халықтарының (босниялықтар, черногорлықтар т.б.) Австро-Венгрияның құрамына өту ниеті мен оған қарсы осман үкіметінің саясаты туралы тұжырымдар жасалған.

«Шығыс мәселесін» шешу барысында Австро-Венгрияның Балқандағы саяси әрекеттері туралы, В.Н.Виноградов пен В.Н.Косиканың редакциясымен шыққан «В пороховом погребе Европы». 1878-1914гг» - атты ғылыми мақалалар жинағында көптеген ғылыми тақырыптар орын алған және XIX ғасырда Осман империясындағы Балқан мәселесіне қатысты көптеген тың тұжырымдар ортаға салынған. Онда аталған мәселелерге қатысты тарихшылар Е.К.Вяземскаяның, Б.М.Туполеvtің және В.И.Шереметтің ғылыми мақалалары жариялаған. Е.К.Вяземскаяның [25] ғылыми тұжырымдары негізінен 1875-1876 ж.ж Боснияда тәуелсіздік үшін орын алған көтерілістерге арналып, оның ғылыми еңбектерінде, бұл көтеріліске қатысты

Австро-Венгрия мен басқа да еуропалық империялардың ұстанымдары, яғни осман империясына талапты күшейтуі жайлы және Осман империясының еуропалықтарға қарсы саяси позициялары туралы мәселелер қарастырылады. Б.М.Туполевтін [26] ғылыми-зерттеу жұмыстары, ХІХ ғ. ІІ жартысында басқа да еуропалық империялары сияқты Осман империясының әлсірегенін пайдаланғысы келген Германияның да оның Балқандағы және Шығыстағы территорияларынан иелену саясатын зерттеуге бағытталған. Осман империясының Еуропадағы саясаты туралы кеңес және Ресей тарихшысы В.И.Шеремет, [27] өз зерттеулерінде Осман империясы өзінің Балқандағы территорияларын сақтап қалу үшін Австро-Венгриямен, басқа да еуропалық империялармен түрлі саяси тартыстар жүргізгені туралы тың тұжырымдар жасаған. Сонымен қатар, ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде Балқанда орын алған халықаралық саяси дағдарыс пен сол кездегі Осман империясының саяси ахуалы туралы зерттеген. ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде Осман империясының Балқан провинцияларындағы саяси жағдайдың шиеленісуі мен еуропалықтардың бұл сәтті пайдаланып, Балқан халықтарын өзіне бағындыруы туралы О.Н.Новикованың [28] кандидаттық зерттеу жұмысында бірқатар мәселелер көтерілген. Ғалым, өз зерттеулерінде, Австро-Венгрияның Осман үкіметіне қарсы Босния мен Герцоговинадағы көтерілістерге дем беріп, кейіннен оның өзін аннексиялауы туралы көрсетеді. Австро-Венгрияның еуропалық империялардың қолдауы арқасында, Осман империясынан Босния мен Герцеговинаны тартып алғаны тарихи фактор. Автор өз зерттеулерінде бұл факторларды түрлі себептерімен көрсетіп, тұжырымдайды. Сонымен қатар, осы уақыт аралығындағы Австро-Венгрияның Балқан территориялары арқылы Осман империясымен сауда-экономикалық қатынастар жүргізгені туралы диссертациялық жұмыс жазған Б.З.Боташева [29] болды. Зерттеуші өз еңбектерінде, Австро-Венгрияның Осман империясымен және оның құрамында болған Балқандағы провинциялары Болгариямен, Сербиямен, Румыниямен, Босниямен және басқа да провинциялармен сауда-экономикалық қатынастар жүргізгені туралы тың тұжырымдар жасаған. ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде Осман империясындағы саяси дағдарыс пен Балқандағы көтерілістер және Австро-Венгрия мен еуропалық империялардың Балқан территориялары үшін Осман империясына қарсы жасаған саяси қысымы жайлы А.Фадеев, Ю.А. Писарев, А.С.Мыльников, Д.Ф.Поплыко [30] сынды ғалымдар ғылыми тұжырымдар жасады.

XVIII-XIX ғ.ғ. Осман империясының Еуропадағы сыртқы саясаты экономика саласында да өрбіді. Осман үкіметі еуропалық империялармен сауда-экономикалық салалар бойынша өзара қарым-қатынастар жүргізді. XX ғасырдың 90-жылдары мен ХХІ ғасырды алғашқы онжылдығы ішінде, бұл тақырыптар бойынша бірқатар ғылыми зерттеу жұмыстары дүниеге келді. Олардың ішінде, ең ірі зерттеу жұмысы С.М.Ивановтың [31] докторлық диссертациялық жұмысы мен басқа да монографиялық жұмыстары мен ғылыми мақалалары болды. Зерттеуші өз жұмыстарын кеңес дәуірі кезінде бастап, Осман империясының сыртқы экономикалық байланыстары туралы

мәселелерді көтерген. С.М.Иванов 90-шы және 2000 жылдары Ресейде Осман империясының экономикалық тарихын, сондай-ақ, Еуропа мемлекеттерімен сыртқы экономикалық байланыстарын зерттеген бірден-бір тарихшы болды. Ол «Османская Империя в мировой экономической системе» атты докторлық зерттеу жұмысында, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Осман империясының экономикалық жүйесі мен мемлекеттің қазынашылық институтының қызметін, мемлекеттегі экономикалық құлдыраудың себептерін, ел экономикасын көтеру үшін қабылданған шаралар мен жалпы, империяның еуропа мемлекеттерімен сауда-экономикалық қатынастары туралы зерттеген. Бұл еңбек, Осман империясының экономикалық қатынастар тарихына байланысты тәуелсіздік жылдарынан бері зерттелген ең алғашқы көлемді жұмыс болды. С.М.Иванов өзінің өзге де мақалаларын орыс-түрік экономикалық қатынастарына арнады. Сонымен қатар, Осман империясының Еуропа мемлекеттерімен жүргізген сыртқы экономикалық байланыстары бойынша Н.А. Дулинаның, М.С.Мейердің, Е.И.Уразованың, И.Е.Петросян мен Ю.А.Петросяннің ғылыми еңбектерінде [32] де зерттеледі.

XVIII –XIX ғасырларда Осман империясының Еуропа елдерімен, оның ішінде Ұлыбританиямен сыртқы саясатта түйіскен жері Солтүстік-Батыс Кавказ болып, ол туралы А.К.Чеучеваның [33] докторлық диссертациялық жұмысы мен бірқатар ғылыми еңбектері жарияланды. Зерттеуші өз ғылыми жұмыстарында Ұлыбританияның Кавказдағы саясаты мен оның бұл территорияларға үміт артуы және оған Осман империясының ұстанған саясатын көрсетеді. Осы уақытта Кавказ территорияларының Англия, Осман империясы мен Ресей тарапынан таласқа түскендігі және оның саяси қорытындылары туралы тың тұжырымдар жасайды. Сондай-ақ зерттеуші Осман империясы мен Англия арасындағы аталған туралы терең зерттеу жүргізіп, тарихнамалық мәселелерге де талдау жасайды.

Сөзімізді түйіндесек, тәуелсіздік жылдарынан бастап, Ресейде XVIII-XIX ғ.ғ. Осман империясының еуропалық империялармен жүргізген саяси, экономикалық және дипломатиялық байланыстарына қатысты зерттеулер аз болған жоқ. Ресейлік ғалымдар аталған мәселелерді көтеру барысында, көбінесе Осман империясы мен Еуропа мемлекеттері арасында туындаған «Шығыс мәселесі» мен Осман империясының еуропалықтармен Африкадағы территориялық бәсекеге түсуіне баса назар аударған. Сонымен қатар, Осман империясының құрамында болған балқан халықтарының саяси жағдайы мен олардың тәуелсіздік үшін күрестері жайлы және еуропалықтардың оларға саяси қолдау көрсете отырып, оларды өзіне қаратуына қарсы Осман империясының ұстанған саяси бағыттарына қатысты мәселелер тәуелсіздік жылдарында көпшілік Ресейлік тарихшылардың басты назарында болды. Балқан мәселесінің тарихын зерттеуші Балқантану институтының тарихшы-ғалымдары көп жағдайда өз зерттеу жұмыстарында тарихи-генетикалық әдістер мен субъективизмді негізге алған. Өйткені, Балқан халықтарының шығу тегі славяндық болып, олар христиан дінінің православтық бағытын ұстанған. Тарих ғылымында назарға алынатын мұндай кедергілерге

карамастан, Осман империясы тарихының аталған мәселелеріне қатысты тәуелсіздік жылдарында Ресейде маңызды ғылыми жұмыстар атқарылды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

1. Шеремет В. И. Войны и бизнес: Власть, деньги и оружие. Европа и Ближний Восток в новое время. М., 1996. С. 712.
2. Куриев М. М. Герцог Веллингтон. М., 1994. С.254.
3. Яковлев Н. Н. Британия и Европа. М., 2000. С.294.
4. Согрин В.В., Зверева Г.И., Репина Л.П. Современная историография Великобритании. М.Наука. 1991. С. 232.
5. А.С.Ловцов. Г. Дж. Пальмерстон и Британская политика в Европе, 1830-1841 гг. Дисс. кандидат исторических наук. М.2002. С.169
6. Шеремет В. И. Османская империя кризис и реформы.// Османская империя. Наполеон и Балканы. М., 1997 С.112; Шеремет В.И. Война и бизнес. М., 1996. С.714.
7. Сотниченко А. А. Эволюция геополитического пространства Османской империи во второй половине XIX века.//Восточный архив. № 2 3. М., 1999 – С. 33 - 40; Сотниченко А.А. Эволюция геополитического пространства Османской империи :1839-1908 гг. Санкт-Петербург. 2002. С.159
8. Ацамба Ф.М. Система административного управления египетской провинцией Османской империи. \ \ Восток в новое время. Экономика. Государственный строй. Москва, 1991 С.109-129; Ацамба Ф.М., Кириллина С.А.Религия и власть: ислам в Османском Египте. Москва, 1996. С. 157
9. Кириллина С.А. Высшее мусульманское духовенство Египта в первой половине XIX века. //Вестник Моск. ун-та. Сер. 13. Востоковедение. № 4, 1992, С. 58-68; Кириллина С.А. Мухаммед Али в святых землях ислама: политика религиозного прагматизма. //Вестник Моск. ун-та. Сер. 13. Востоковедение. № 4, 1993 С. 42-60; Кириллина С.А. Исламские институты Османского Египта в XVIII -первой трети XIX века. Lewiston; Queenston; Lampeter: The Edwin Mellen Press, 2000. С466.; Кириллина С.А. Очарованные странники: арабо-османский мир глазами российских паломников XVI-XVIII столетий. М.: Ключ-С, 2010. С.564.
10. Петрунина Ж.В. Борьба за единоличную власть Мухаммеда Али и ряд преобразований в египетском пашалыке //Научные труды МПГУ. М.: Прометей, 1999, С. 212-220; Петрунина Ж.В. Египет в начале XIX века: еще один опыт встречи двух цивилизаций //Тезисы международной научно-практической конференции «Россия, Восток и Запад: традиция, взаимодействие, новации». Владимир, 1997, С. 225-227; Петрунина Ж.В. Реформы армии и культурные реформы в Египте в эпоху Мухаммеда Али //Культура и образование. Тезисы докладов межвузовской научной конференции. Тула, 1999, С. 34-35; Петрунина Ж.В. "Египетский кризис" в Османской империи и его восприятие в российской общественной мысли. Дисс. кандидата исторических наук. М. 2000. С. 182
11. М.В.Орлова. Египет в конце XVIII-начале XIX века: начало англо-

- французского противостояния в регионе. М. 2003. С. 178
12. Е.А.Прусская. Образ Востока в представлениях французов накануне и во время экспедиции Бонапарта в Египет. Дисс.кандидата исторических наук. М. 2012.С.184; Прусская Е.А. Египет в сочинениях французских путешественников К. - Э. Савари и К. - Ф. Вольнея в конце XVIII в.// Вопросы истории: Ежемесячный журнал. – 2012-01-01. – N. 1 /2012 . – С. 111 – 121; Е.А.Прусская. Арабские хроники как источник по истории Египетской экспедиции Бонапарта // Французский ежегодник: [сборник]/ Ин-т всеобщей истории РАН [и др.]. – М.: ЛИБРОКОМ, : URSS, 1958. – 2010. С. 274-295; Источники по истории Французской революции XVIII в. и эпохи Наполеона [гл. ред. А.В. Чудинов]. М.: Квадрига, 2010.С. 274-290.
13. А.Х.Хизриев. Египет в восточной политике великих держав от строительства Суэцкого канала до английской оккупации. Дисс.кандидата исторических наук. Махачкала. 2010. С.192
14. А.М.Грибков. Армия и общество в Египте в последней трети XIX в. Дисс.кандидата исторических наук Ярославль 2000. С.185
15. Щенников В. Суэцкий канал от фараонов до наших дней // Азия и Африка сегодня. М., 1999. №11. - С.61-66; Гелла Т.Н. Западная Африка в колониальном дискурсе английских либералов на рубеже 60-70-х гг. XIX века/ Россия и Британия. Вып.2. М., 2000. С.115
16. Зеленев Е.И. Государственное управление Египтом и Сирией в Османский период в XVI — нач. XX в. (Принципы и основные тенденции): Дис. докт. ист. наук. СПб., 2000 С.475; Зеленев Е.И. Государственное управление, судебная система и армия в Египте и Сирии (XVI— начало XX в.). Санкт-Петербург Изд-во СПбГУ, 2003. С.420; Зеленев Е.И. Египет: Средние века. Новое время. Санкт-Петербург: Издательство СПбГУ, 1999. С.340; Зеленев Е.И. Мусульманский Египет. Санкт-Петербург. 2007. Издательство СПбГУ С. 373; Зеленев Е.И.Египет.Санкт-Петербург. 2004. Издательство СПбГУ. С. 373;
17. Жерлицына Н.А. Установление французского протектората в Тунисе и Россия // Восточный архив/ Институт востоковедения РАН. №. 1 (19) /2009. – С. 46-51; Жерлицына Н.А. Тунисское регентство и Восточный вопрос. Российские архивные материалы о столкновении интересов великих держав в Тунисе в первой половине XIX в. // Восточный архив. Институт востоковедения РАН, М., 2004, № 11-12. С. 61-79;
18. Гелла Т.Н. Либеральная партия и Британская империя в конце XIX века :Идеология и политика. Дисс.доктора исторических наук. М.1995. С.299; Гелла Т.Н. Английские политические круги и империалистические идеи в последней трети XIX века // Общественная мысль и социально-политические движения в новое и новейшее время. Волгоград: Перемена, 1994.-Вып. 1.С. 60-69.; Гелла Т.Н. Балканы 70-х годов XIX века в общественном мнении России и Великобритании // Проблемы славяноведения. Брянск: БГУ, 2000. — Вып. 2. С. 71-81.
19. Егоров К.Б. Армейский офицерский корпус и имперская политика Великобритании во второй половине XIX века. // Дисс.канд.исторических

- наук. Санкт-Петербург.: СПбГУ, 2000. С.305; Богомолов С.А. Имперская идея в Великобритании в 70-80-е гг. XIX века. // Дисс.канд.исторических наук. Ульяновск: УГУ, 2000. С.300; Парфенов И.Д. Колониальная экспансия Великобритании в последней трети XIX в. М.Наука. 1991. С.190; Новикова Л.Г. Великобритания на рубеже XIX-XX вв. Чита, 1997.С.76; Матвеев В.А. Британская монархия: искусство выживания // Новая и новейшая история. 1993. № 6.С. 14-23.
20. Виноградов В.Н. Британский лев на Босфоре. М.: Наука, 1997. С.159; Виноградов, В. Н. Восточный вопрос в большой европейской политике // В «пороховом погребке Европы»: 1878–1914. – М., 2003.С.110; Виноградов, В. Н. Балканские исследования / Рос. АН, Ин-т славяноведения и балканистики. Вып. 18 М. Наука, 1997 С. 208; Виноградов К.Б., Лихарев Д.В. Адмирал Фишер и борьба Великобритании за господство на морях в начале XX в.//Новая и новейшая история. 1993. № 3. С.115
21. Золотухин М.Ю. Россия, западноевропейские державы и Османская империя в период международных кризисов на Балканах (1885-1888 г.г.). М. Наука, 1993.С. 320; Золотухин М.Ю. Борьба держав на Балканах и Ближнем Востоке в середине 70-х - 80-х гг. XIX в. М. 1995. С.376
22. Шмелева.О.И. Политика Великобритании на Балканах в конце XIX века :1874-1897 гг. Дисс.кандидата исторических наук. Рязань. 2004. С.221; Шмелева.О.И. Стамбульская конференция (ноябрь-декабрь 1885 г.). Русско-британские противоречия. Запад, восток, Россия в новое и новейшее время: история, политика, международные отношения, право. Вып. 2. Сборник научных статей. Владимир: ВГПУ, 2006. С. 81-91; Шмелева.О.И. Политика и дипломатия в годы русско-турецкой войны (1877-1878 гг.). Берлинский конгресс. Рязанский историк. 2007. № 5. С. 52-65; Шмелева.О.И. Средиземноморская колониальная политика Великобритании. Захват Кипра. Российский научный журнал. 2008. № 1(2). С. 71-76; Шмелева.О.И. Сербия в период подготовки к войне с Турцией 1875-1878 гг. Мир в новое время. Сборник материалов XI всероссийской научной конференции. СПб, 2009. С. 147-153; Шмелева.О.И. Боснийско-герцеговинское восстание 1875-1876 гг.: начало Восточного кризиса 70-х гг. XIX века. Вестник МГГУ им. М.А. Шолохова. 2011. № 2. С. 38-56.
23. Виноградов В. Н. Об исторических корнях «горячих точек» на Балканах. М. 2006. С. 123; Виноградов В.Н. Восточный вопрос в большой европейской политике // В «пороховом погребке Европы». 1878-1914гг./ Под ред. В.Н. Виноградова, В.Н. Косика и др. М.: «Индрик», 2003.-544с.: ил.- С Л1-29; Виноградов В.Н. Черноморские проливы конец XIX в.: взгляд из Петербурга и из Лондона // В «пороховом погребке Европы». 1878-1914гг./ Под ред. В.Н. Виноградова, В.И. Косика и др.- М.: «Индрик», 2003.- 544с.: ил. С. 95-134.
24. Крючков И.В. Венгрия и славянский мир в последней трети XIX- начале XX вв.- Ставрополь, 2001.С.42; Крючков И.В. Образ Австро-Венгрии на страницах периодической печати Дона и Северного Кавказа в начале XX в. (1900-1917гг.). Монография.-Ставрополь; Пятигорск: Изд-во Пятигорского государственного лингвистического университета, 2003.- С.82; Крючков И.В.

Проблемы развития империи Габсбургов в зарубежной историографии конца XIX XX вв. / Актуальные проблемы социогуманитарного знания. М.: Прометей, 2001. - С. 136.

25. Вяземская Е.К. Босния и Герцеговина: ее место и роль в европейских конфликтах начала XX века // В «пороховом погребе Европы». 1878-1914гг./ Под ред. В.Н. Виноградова, В.И. Косика и др.- М.: «Индрик», 2003.- С 544.: ил. С. 322-359.; Вяземская Е.К. Конфессия и национальность в историческом развитии Боснии и Герцеговины / Роль религии в формировании южнославянских наций /Под ред. И.В.Чуркной. М. Эдиториал 1999. С.264.

26. Туполев Б.М. «Дранг нах Зюд-Остен»: в «пороховом погребе Европы». 1878-1914гг./ Под ред. В.Н. Виноградова, В.И. Косика и др.- М.: «Индрик», 2003.-544с.: ил.- С.54-94; Туполев Б.М. Германская политика на Балканах накануне Первой мировой войны// В «пороховом погребе Европы». 1878-1914гг./ Под ред. В.Н. Виноградова, В.И. Косика и др.- М.: «Индрик», 2003.- 544с.: ил.- С.265-296.

27. Шеремет В.И. Османская империя в международных отношениях на Балканах// В «пороховом погребе Европы». 1878-1914гг./ Под ред. В.Н. Виноградова, В.И. Косика и др.- М.: «Индрик», 2003.-544с.: - С.30-53.

28. Новикова О.Н. Боснийско-герцеговинская политика Австро-Венгрии последней трети XIX - начала XX в. и ее роль в развитии международных отношений на Балканах. //Дисс.кандидата исторических наук. Ставрополь 2006. С. 251

29. Боташева Б.З. Экономические связи Австро-Венгрии со странами Балканского полуострова и Ближнего Востока в 1867-1914 гг. // Дисс.кандидата исторических наук. Ставрополь 2009. С. 224

30. Фадеев А. Пролог югославской трагедии: (из истории международных отношений в конце XIX- начале XX в.) // Преподавание истории в школе. - 1993. -№2. С.10-12.;Балканы в конце XIX- начале XX в. Очерки становления национальных государств и политических структур Юго-Восточной Европы / Отв. ред. Ю.А. Писарев. М.: Наука, 1991.- 349; Мыльников А.С. Типология национальных движений в Европе в XIX-XX вв.: (По материалам одноим. Междунар. симпоз., Билефельд (ФРГ), март 1991) // Этнографическое обозрение. 1992. - № 4. - С. 132-135.; Поплыко Д.Ф. Революция и реформа в идеологии балканской революционной демократии (60-70-е годы XIX в.)/ Балканские исследования: Сборник статей /Под.ред. В.Н.Виноградова, О.В.Медведевой и др. Вып. 12. Революции и реформы на Балканах. М.1994. С.5-21.

31. Иванов С.М. Османская Империя в мировой экономической системе. //Дисс.доктора исторических наук. Санкт-Петербург. 2004. С. 458;Иванов С.М. Человек в изменяющемся экономическом пространстве Османской империи (к вопросу о зарождении капиталистического уклада в мусульманской этноконфессиональной среде) // Исламские страны и регионы. История и современность. М.,1994. С 75-90; Иванов С.М. Экономическая история Османской империи: размышления о новых подходах к решению старых проблем // Российское востоковедение в память

о М.С.Капице. Очерки, исследования, разработки. М.,2001 С 245-257; Иванов С.М. Опыт трансформации традиционной экономической культуры Турции (к истории взаимодействия региональных экономических культур) // Восточный мир: опыты общественной трансформации. М.,2001. С 276-296; Иванов С.М. Россия и Турция (общее и особенное в историческом развитии в эпоху средневековья и новое время), Предисловие. Отв. ред. раздела «Россия и Ближний Восток», История России: Россия и Восток. СПб.,2002. С 323-353; Иванов С.М. Турецкая модель развития: Запад на Востоке и Восток на Западе. Доклад на научной конференции «Геном» Востока: опыты и междисциплинарные возможности». М.,2004. С.1-30; Иванов С.М. Из истории русско-турецкой торговли в XVII начале XX в. // Зарубежный Восток: вопросы истории торговли с Россией. М., Изд. фирма «Восточная литература» РАН,2000 С.101-155.

32. Дулина Н.А. Основы османского землевладения // Частная собственность на Востоке. М.,1999. - С .201-240;Мейер М.С. Османская империя в XIII веке (черты структурного кризиса) М.,1991. С.261.;Петросян И.Е., Петросян Ю.А. Османская империя: реформы и реформаторы (конец XVIII-начало XX в.). М.,1993. С.186.;Уразова Е.И. Основные черты эволюции бюджета и налогов в Османской империи // Исламские страны и регионы. История и современность М.,1994.

33. Чеучева А.К. Северо-Западный Кавказ в политике Великобритании и Османской империи в последней четверти XVIII – 60-х гг. XIX вв. Дисс.доктора исторических наук. М. 2008. С.451; Чеучева А.К. Северо-Западный Кавказ в политике Великобритании и Османской империи в последней четверти XVIII – 60-х гг. XIX вв.: обзор исторических источников. //Вопросы теории и методологии истории: Сб. научн. трудов. – Майкоп, 2007. – Вып. VI. – С. 93–104; Чеучева А.К. Зарубежная историография политики Англии и Турции по отношению к Северо-Западному Кавказу в первой половине XIX в. //Социум: проблемы, анализ, интерпретации. – М., 2006. – Вып. V. – С. 295–301; Чеучева А.К. Советская историография англо-турецкой политики на Северо-Западном Кавказе //Наука и школа. – 2006. № 3. С.16–19.

Российская историография истории политических, экономических и дипломатических взаимоотношений Османской империи с Европейскими государствами в XVIII-XIX веках.(1991-2013)

Абдукадыров Н.М. PhD докторант
II курса КазНУ имени аль-Фараби

Аннотация.

1991 году после распада Советского Союза, были большие изменения в Российской исторической науке. Российские историки смогли к разработке своих научных проблемам без давления коммунистической цензуры и идеологических ограничений. Связи с этим, российские историки-османисты

широкомасштабно работали по разным проблемам и разным хронологическим периодам истории Османской империи. В статье освещается роль российской историографии конца 90-х годов и начала 2000 годов по изучению истории политических, экономических и дипломатических взаимоотношений Османской империи с Европейскими государствами в XVIII-XIX веках. В данной статье также освещается уровень исследования геополитических и геоэкономических проблем между Османской империей и европейских держав в российской историографии. Особое внимание уделяется изучению вклада российских историков в геополитических проблем между Османской империей и европейских государств за территории Османской империи в Европе, Азии и Африки. В статье характеризуется основные черты научных работ российских историков, востоковедов-османистов, анализируется их научные концепции и их определяется новизна.

Ключевые слова. Османская империя, Российская историография, Научное исследование, Историки-османисты, Европейские государства, Экономика, Политика, Дипломатия.

Russian historiography on researching the history of political, economic and diplomatic relationship of Ottoman Empire with European countries in XVIII-XIX centuries. (1991-2013)

Abdukadyrov N.M. PhD
al-Farabi University

Summary

Since dissolution of Soviet Union in 1991's it were many changes in Russian historical studies. After dissolution of communistical censorship the Soviet and Russian historians had begun researches without any difficulties. In this respect Russian historian-ottomans worked extensively by different problems and dates of Ottoman Empire's history. This article is examined Russian historiography at the end of 90's and at the beginning of 2000's on researching the history of political, economic and diplomatic relationship of Ottoman Empire with European countries in XVIII-XIX centuries. Even more in this article is presented researching scale of geopolitical and geo-economical problems between Ottoman Empire and European countries in Russian historiography. It paid closer attention to researching works of Russian historians on geopolitical problems between Ottoman Empire and European countries over the territory of Ottoman Empire, in Europe, Asia and Africa. Also is examines the main lines of scientific activities of besides that is analyzed their scientific conceptions and novelties.

Keywords: Ottoman Empire, Russian historiography, scientific researches, historian-ottomans, European countries, Economy, Policy.

